Ж Е К Е Ұ Й Ғ А Р Ы М

2023 жылғы 19 қазан №5265-23-00-2/2463 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Кененбаева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен талап қоюшы қоюшы Жарқайың ауданының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «SBS group company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, қамтамасыз етуді орындау соммасын өндіру туралы талап қоюымен қозғалған істі қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы сотқа аталған талап қоюмен жүгінген.

Тараптар арасында 2023 жылғы 3 тамызда №32 мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалған.

Алайда жауапкер «SBS group company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 43-бабы 9-тармағын талаптарын сақтамай, мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізбеген.

Заңның 44-бабы 1-тармағына сәйкес мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарды деп танылады және 12-бабы 5-тармағына сай уәкілетті органның мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне соттан тыс тәртібімен енгізіледі.

Осыған орай, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайды.

Талап қоюшының екінші талабы алғашқы талабынан шығып отыр және қамтамасыз етуді орындау соммасын өндіру туралы талаппен сотқа жүгіну заңда көзделмеген, сондықтан аталған талап қоюы да азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайды.

Сондықтан аталған іс Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 277-бабы 1)-тармақшасына сай аталған іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды.

АПК-нің 270-бабының 1-бөлігіне сәйкес заңдылық бұзылған жағдайлар анықталған кезде сот жеке ұйғарым шығаруға және оны жіберуге құқылы, ал егер бұзушылыққа мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілер тарапынан жол берілсе, сот жеке

ұйғарым шығарады және оны басқару функцияларын атқаратын тиісті ұйымдарға, лауазымды немесе өзге де тұлғаларға жібереді, олар өздері қолданған шаралар туралы бір ай мерзім ішінде хабарлауға міндетті.

Алайда, талап қоюшы Жарқайың ауданының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Заңның талаптарын орындамай, өз қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармай, соттың жүктемесінің өсуіне ықпал жасап, сотқа аталған талап қоюмен жүгінген.

Сондықтан сот, істі қарау барысында анықталған заң бұзушылықтарға жол берген, кінәлі лауазымды адамдарды анықтап, оларға тиісті шара қолдану үшін және келешекте ондай бұзушылықтарға жол бермеуі мақсатында жеке ұйғарым қабылдап, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит Комитетінің Ақмола облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесін хабарлағанды жөн деп табады.

АПК-нің 268-269, 270 - баптарын басшылыққа алып, **сот**

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Аталған азаматтық істі қарау барысында анықталған заң бұзушылықтарға жол берген кінәлі лауазымды адамдарды анықтап, оларға тиісті шара қолдану үшін және келешекте ондай бұзушылықтарға жол бермеуі мақсатында осы жеке ұйғарымның көшірмесі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит Комитетінің Ақмола облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысына жіберілсін.

Жеке ұйғарым бір ай мерзімнен кешіктірілмей қаралып, оның нәтижесі туралы Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына міндетті түрде хабарлансын.

Ұйғарымға наразы жақ, ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **А.А. Кененбаева**

Документ подписан: Кененбаева А. А., 19.10.2023

Дата вступления в законную силу: 06.11.2023, судья Кененбаева А. А., 07.11.2023